

**Ғылыми кеңесші, экономика ғылымдарының кандидаты, ҒЖБССҚК доценті,  
«Экономика» мамандығы бойынша PhD философия докторы  
Киреева Анель Ахметқызының  
«8D04101» - дәрежесін алу үшін ұсынылған Нурбақин Ақан Сейтқанұлының  
Қазақстанда АКТ кластерлерін қалыптастырудың ұйымдық-экономикалық  
тетіктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ПІКІР**

Қазақстанның қазіргі экономикасында мемлекеттік құрылымдар тарапынан да, қоғам тарапынан да интеграцияланған іс-қимылдар қажеттігін болжайтын түбегейлі жаңа жаһандық сын-қатерлер байқалады. Басым бағыттардың ішінде ұлттық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы халықаралық деңгейде көшбасшы позицияларға ұмтылу ерекшеленеді. Бұл тұрғыда елдің экономикалық дамуын басқарудың инновациялық әдістерін, құралдары мен тәсілдерін қолдану ерекше рөл атқарады. Басқа елдердің тәжірибесінен мемлекеттің экономикадағы позициясын нығайтуға ықпал ететін тиімді құралдардың бірі кластерлеу болып табылады. Кластерлеу процесі ұлттың өнімділігі мен жалпы әл-ауқатын едәуір арттырып, тұрақты аймақтық дамуды қамтамасыз ете алады.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы Қазақстан экономикасының құрылымын кластерлеу және оның табиғи ресурстарға тәуелділігін төмендету мәселесі күн тәртібінде тұр. Дегенмен, кластерлерді қалыптастыру мен дамытудың теориялық және ғылыми-практикалық мәселелері өте өзекті және бірқатар өзара байланысты жағдайларға байланысты кешенді және егжей-тегжейлі негіздемені қажет етеді.

Біріншіден, COVID-19 пандемиясы әлемдік экономикаға бұрын-соңды болмаған әсер етіп, халықтың едәуір бөлігінің өмір сүру жағдайларын түбегейлі өзгертті. Бұл жағдай өзгерістерге, әсіресе елдің аймақтық ерекшеліктерін дамыту контекстінде, жедел және тиімді жауап беруді талап етеді.

Екіншіден, Қазақстан қоғамды жаһандық ақпараттандыру, урбанизация, ғылымды қажет ететін экономикасы бар қалалардың рөлін арттыру және әлеуметтік теңгерімсіздіктерді төмендету сияқты жалпы әлемдік өзгерістер трендіне болуы қажет. Осылайша, маңызды міндет – бұл тұрғындардың көптігіне қарамастан, белгілі бір жайлылық деңгейді сақтап, жедел хабарлау мүмкіндігі болатындай өңірлер мен қалалардағы өмірді оңтайландыру болып табылады.

Үшіншіден, айтарлықтай синергетикалық әсерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін АКТ кластерлерінің функционалдығын талдау және анықтау үшін әдіснамалық құралдарды әзірлеу қажеттілігі туындады.

Бұл тұрғыда АКТ кластерлері аймақтық деңгейде озық технологияларды дамытуға ықпал ететін негізгі элемент болып табылады. Осы тақырып бойынша ауқымды зерттеу өрісінің болуына қарамастан, осы салада терең талдаудың өзектілігі мен қажеттілігі жоғары болып қала береді. Айтылғандардың барлығы қарастырылып отырған диссертациялық зерттеудің қажеттілігі мен маңыздылығын анықтайды.

Диссертациялық жұмыс - дербес орындалған ғылыми жұмыс және кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған көздер мен қосымшалар тізімінен тұрады.

Диссертацияның бірінші тарауында теориялық және әдіснамалық аспектілер келтірілген. Онда қазіргі экономикалық жағдайлар контекстінде АКТ кластерлерін қалыптастыру мен дамытудың теориялық негіздері көрсетілген, шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге аналитикалық шолу жасалып, «АКТ кластері» тұжырымдамасына авторлық көзқарас ұсынылған. Әрі қарай, АКТ-ның әлеуетті кластерлерін сәйкестендірудің кешенді алгоритмінің негіздемесі келтірілген, бұл экономиканың осы сегментінің даму динамикасы мен ерекшелігін түсіну үшін өте маңызды. Шетелдік модельдерді талдау негізінде алгоритмді қолдану үздік тәжірибелерді Қазақстанның



жағдайына бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар АКТ кластерлерін құру мен дамыту үшін бірегей мүмкіндіктерді анықтауға ықпал етеді. АКТ саласындағы әлемдік үрдістерді талдауға және оларды қазақстандық экономика контекстінде бейімдеу мен қолдану мүмкіндігіне ерекше назар аударылады.

Докторанттың диссертациясының екінші тарауы Қазақстандағы АКТ секторының даму динамикасын жан-жақты талдауға және АКТ-кластерлерді қалыптастыру мүмкіндіктерін бағалауға арналған. Жұмыс терең талдамалық тәсілмен сипатталады және Қазақстандағы цифрлық экономиканың даму проблематикасын зерделеуге құнды үлес қосады. Әзірленген авторлық әдістеме негізінде докторант Қазақстанда АКТ-кластерлерді құруға және дамытуға ықпал ететін түрлі факторларға терең талдау жүргізеді. Статистикалық деректерді, графиктерді және әртүрлі модельдерді пайдалану АКТ инфрақұрылымының аймақтарға таралуын көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі, бұл талдау ағымдағы жағдайды түсіну және АКТ кластерлерінің даму әлеуетін анықтау үшін ерекше құнды етеді. Зерттеу жетілдірілген әдіснамалық тәсілдерді, атап айтқанда, мультиномдық логистикалық модельді және SWOT талдауын қолдану арқылы ерекшеленеді, бұл АКТ секторының қазіргі жағдайы мен әлеуетті даму траекторияларын егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік береді. Жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі АКТ кластерлерін дамыту үшін ықтимал өсу полюстерін анықтау болып табылады.

Диссертацияның үшінші тарауында үздік әлемдік тәжірибелерді зерделеуге негізделген және инновациялық белсенділікті ынталандыру, халықаралық АКТ компанияларымен өзара іс-қимыл жасау және стартаптарды дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі шараларды көздейтін ұсынымдар бар. Бұл тарауда елдің цифрлық экономикасын дамыту стратегияларын әзірлеуге маңызды үлес қосатын АКТ кластерлерін қалыптастырудың негізгі бағыттары мен ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктері ұсынылған. Мультиномдық логистикалық модель негізінде АКТ компаниялары дамуының болжамды сценарийлерін талдау АКТ саласының болашағын жоғары дәлдікпен бағалауға мүмкіндік беретін инновациялық тәсіл болып табылады. Бұл тарауда стратегиялық бастамаларды қалыптастыру үшін пайдаланылуы мүмкін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтауға мүмкіндік берген Astana Hub мысалында АКТ қызметін талдауға ерекше назар аударылады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы «Экономика», «Цифрлық экономика», «Инновациялық менеджмент», «Өңірлік экономика» бағыттары бойынша болашақ мамандарды оқыту кезінде білім беру процесінде ұсынылған тәсілдерді қолдану мүмкіндігінде жатыр.

А.С. Нұрбақин ғалым ретінде белсенді жұмыс істейді, мемлекеттік тапсырыстар мен халықаралық жобалар шеңберінде орындалатын іргелі, қолданбалы, бағдарламалық-нысаналы және іздестіру зерттеулерінің бірқатар тақырыптарын орындауға қатысады. Докторантура кезінде келесі ғылыми жобаларға дербес орындаушы ретінде белсенді қатысты:

1) «Қазақстан экономикасы мен қоғамының теңгерімді аумақтық дамуының тұжырымдамасы мен тетіктерін әзірлеу» БНҚ OR11465433 (2020-2022 жж.);

2) «Қазақстанның өңірлік әлеуетін дамыту стратегиясы: әлеуметтік-мәдени және экономикалық әлеуеттерді бағалау, жол картасын, даму модельдері мен сценарийлерін әзірлеу» БНҚ BR 18574240 (2022-2024 жж.);

3) Азия Даму Банкі институты, қаржыландыратын «Kazakhstan Women's participation in Online Marketplaces: Benefits and Barriers» халықаралық гранттық жобасы (маусым 2021 ж. - тамыз 2022 ж.), Жапония, Токио.

4) «Экономиканың құлдырауын енсеру жағдайындағы Қазақстанның инклюзивті өңірлік дамуының басымдықтары мен тетіктері» МҚ AP09259004 (2021-2023жж.);

5) «Қазақстан қалаларының ақылды және цифрлық экожүйесін қалыптастыру қағидаттарында орнықты өңірлік даму стратегиясын әзірлеу» ЖҒБ МҚ AP19574739 (2023-2025 жж.).

ғылыми жұмыс жариялады, оның ішінде Scopus (Q1 және Q2, процентиль 35-тен жоғары) және Web of Science дерекқорлар тізіміндегі рейтингтік журналдарда 7 мақала, ғылыми халықаралық-практикалық конференциялар жинақтарында 6 мақала (2 - шетелдік, 4- қазақстандық), ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған басылымдарда 6 мақала шықты.

Қорытындылай келе, А. С. Нұрбациннің диссертациялық жұмысы толық аяқталған және дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыс өзекті зерттеу тақырыбымен, тәсілдердің әдіснамалық негізділігімен және қорытындылардың практикалық маңыздылығымен айқындалады. Зерттеу цифрлық экономиканың дамуының жай-күйі мен әлеуетті траекторияларын ғана егжей-тегжейлі бағалауға мүмкіндік беретін жетілдірілген әдістемелік тәсілдерді, әсіресе, мультиномдық логистикалық модельді және SWOT талдауды қолданумен ерекшеленеді. Жұмыс диссертацияны дайындау талаптарына сәйкес орындалды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Нұрбацин Ақан Сейітқанұлының Қазақстанда АКТ кластерлерін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және «8D04101 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежелеріне қойылатын талаптарға сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады.

**Отандық ғылыми кеңесші**  
**э.ғ.к., қауымдастырылған профессор**  
**ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика Институтының**  
**жетекші ғылыми қызметкері**



**А.А. Киреева**

10.01.2024 ж.

А.Д. Вирсалам Қолын растаймын.  
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитетінің  
«Экономика институты» ШЖҚ РМҚ  
Кадр қызметі Киреева А.А.